

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.24-2025 30.06.2025 ж.
	<u>Қағида</u> нормативтік құжат түрі	Бет 1-18

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІНІҢ
«ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БІЛІМ АЛУШЫЛАР ҮШІН ІШКІ ТӘРТІП ҚАҒИДАСЫ**

Алматы, 2025 жыл

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.24-2025
		30.06.2025 ж.
	<u>Қағида</u> нормативтік құжат түрі	Бет 2-18

АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Әлеуметтік-тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі бөлімі
- 2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен «30» маусым 2025 жылы, № 13 хаттама
- 3. ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗУ МЕН ҚОСЫМША ҚОСУ** 2020 жылғы «29» тамыздағы №3 редакцияның орнына
- 4. МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ** 3 жыл

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.24-2025
		30.06.2025 ж.
	<u>Қағида</u> нормативтік құжат түрі	Бет 3-18

МАЗМҰНЫ

1. Қолдану саласы.....	4
2. Нормативтік сілтемелер.....	5
3. Жалпы ережелер.....	5
4. Білім алушылардың құқығы.....	6
5. Білім алушылардың міндеттері.....	7
6. Білім алушыларды көтермелеу және жазалау.....	10
7. Оқу тәртібін бұзу және тәртіпті бұзу.....	12
8. Оқу тәртібі.....	13
9. Сабаққа қатысу туралы.....	14-15
10. Қолдану мерзімі.....	16
11. Қорытынды ережелер.....	16
12. Келісу парағы.....	17
13. Танысу парағы.....	18

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.24-2025 30.06.2025 ж.
		Бет 4-18

Қағида
нормативтік құжат түрі

«Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы»
РММ Ғылыми кеңесінің
шешімімен бекітілді
«06» 06 2025 жыл
№ 13 хаттама

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІНІҢ
«ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БІЛІМ АЛУШЫЛАР ҮШІН ІШКІ ТӘРТІП ҚАҒИДАСЫ

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1. Осы Қағидалар Академия барлық құрылымдық бөлімшелеріне толық көлемде қолданылады.

1.2. Қағидалар Академияның ішкі нормативтік құжаты мәртебесіне ие және оқыту түрлері мен нысандарына қарамастан, Академияның талапкерлері мен білім алушыларына қатысты, сондай-ақ Академияның оқытушылар құрамы мен басқа да жұмыскерлеріне қатысты қолдануға міндетті сипатта болады.

1.3. Осы Қағидаларда белгіленген талаптарды бұзу оқу, еңбек тәртібін өрескел бұзу ретінде қарастырылады және бұзуға жол берген білім алушыға, жұмыскерге тәртіптік жаза қолдану үшін негіз болып табылады.

1.4. Осы Қағидалар білім алушылардың оқу тәртібіне байланысты қатынастарды оқу уақытында да, оқудан бос уақытта да:

1.5. Білім алушылардың Академияның аумағында, оқу және өзге де үй-жайларында болған уақытында;

1.6. Білім алушылардың Академияның әріптестік қатынастары бар аумақта, білім беру және басқа да ұйымдардың оқу және өзге де үй-жайларында болған уақытында;

1.7. Білім алушылар Академияның жолдамасы бойынша өнерге қатысты ұйымдарда болған уақытта;

1.8. Білім алушылар Академияның атынан конференцияларға, семинарларға және басқа да іс-шараларға, сондай-ақ Академия ұйымдастыратын іс-шараларға қатысқан кезде реттейді.

1.9. Білім алушылар Академияның жолдамасы бойынша өнерге қатысты ұйымдарда ішкі тәртіп ережелерінің талаптарын сақтауға міндетті.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.24-2025
		30.06.2025 ж.
	Қағида нормативтік құжат түрі	Бет 5-18

1.10. Осы Қағидаларды қолдануға байланысты барлық мәселелерді Академия әкімшілігі өзіне берілген құқықтар шегінде, ал қолданыстағы заңнамада және/немесе Академияның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген жағдайларда – бірлесіп немесе студенттік Парламент мүшелерінің пікірін ескере отырып шешеді.

2. Нормативтік сілтемелер

2.1 Ішкі тәртіп ережесі (келесі - Ереже) – ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы» РММ (бұдан әрі - Академия) ішкі (еңбек және академиялық) ережелерді анықтау және бекіту мақсатында әзірленген.

2.2. Ереже төмендегі негіздемелерге сүйене жасалынған:

- 27.07.2007 күнгі өзгерістер және толықтырулармен Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы № III, 11.01.2025ж. өзгерістер мен толықтырулармен.
- 23.11.2015 күнгі өзгерістер және толықтырулармен Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі № 414-V, 01.01.2025ж. өзгерістер мен толықтырулармен.
- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Заңы.
- 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі.
- Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының Жарғысына және Академияның басқа да ішкі құжаттары.

2.3 Академияның еңбек және оқу тәртібі қызметкерлердің (оқытушылар мен қызметкерлердің) және студенттердің (студенттер, магистранттар, докторанттар) өз міндеттерін адал орындалуына негізделген.

3. Жалпы ережелер

3.1. Осы білім алушылар үшін ішкі тәртіп Қағидасы (бұдан әрі – «Ішкі тәртіп қағидасы») Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Заңы, 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі және Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының жарғысына және Академияның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

3.2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес, «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ (бұдан

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.24-2025 30.06.2025 ж.
	<u>Қағида</u> нормативтік құжат түрі	Бет 6-18

әрі-Академия) білім алушылардың өз оқу міндеттерін саналы және адал орындауына негізделеді және жоғары сапалы оқытудың қажетті шарты болып табылады.

3.3. Қатаң тәртіпті сақтау – Академияның әрбір білім алушысының бірінші қағидасы. Академия мүлкіне ұқыпты қарау, оқу пәнінің нормаларын орындау Академияның барлық білім алушыларының міндетін құрайды.

3.4. Оқу пәні сендіру әдістерімен, сондай-ақ үлгілі мінез-құлық пен сәтті оқу үшін ынталандырумен қамтамасыз етіледі. Тәртіп бұзушыларға тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылады.

3.5. Білім алушылар үшін ішкі тәртіп қағидаларының (бұдан әрі - қағидалар) мақсаты білім алушыларды тәрбиелеуге, оқуға адал қарауға, оқу тәртібін одан әрі нығайтуға, оқытуды ғылыми негізде ұйымдастыруға, оқу уақытын ұтымды пайдалануға, оқу процесінің сапасын жақсартуға, оқу процесіне Денсаулық сақтау технологияларын енгізуге ықпал ету болып табылады.

4. Білім алушылардың құқығы

4.1 Білім алушының келесідей құқықтары бар:

- 1) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;
- 2) білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқыту;
- 3) оқу жоспарларына сәйкес балама курстарды таңдау;
- 4) қосымша білім беру қызметтерін, өзінің бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес білімді ақылы негізде алуға құқығы бар;
- 5) Академия қызметінің маңызды мәселелерін, оның ішінде жастар ісі жөніндегі Комитет арқылы талқылауға және шешуге қатысуға құқығы бар;
- 6) бір оқу орнынан екіншісіне, бір мамандықтан немесе жоғары білімнің білім беру бағдарламасынан екіншісіне, ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға немесе оқытудың бір нысанынан екіншісіне қайта қабылдау және ауыстыру;
- 7) Спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптар мен кітапхананы тегін пайдалануға (кітапхананы пайдалану ережелеріне сәйкес);
- 8) өз пікірін және сенімін еркін білдіру;
- 9) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
- 10) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға құқылы.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.24-2025 30.06.2025 ж.
		<u>Қағида</u> нормативтік құжат түрі

11) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» ҚР Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруды қамтиды.

12) медициналық көрсеткіштер бойынша және өзге де ерекше жағдайларда білім алушыға академиялық демалыс берілуі мүмкін (білім алушыларға академиялық демалыс беру ережесіне сәйкес);

13) ҚР қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен стипендия алуға;

14) оқытушылардан оқу бағдарламасы шегінде қажетті консультациялар мен қосымша түсініктемелер алуға құқылы;

15) мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес оқуға қабылданған білім алушылар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етіледі;

16) мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылардың қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль (таксиден басқа) көлігінде жеңілдікпен жол жүруге құқығы бар);

17) белгіленген үлгідегі анықтамалар алуға құқылы;

18) әкімшіліктен Академияда оның денсаулығын сақтауға кепілдік беретін жағдайлар жасауды талап етуге;

19) оқу орнының жұмысын жақсарту жөнінде ұсыныстар беруге;

20) өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға;

21) оқу жоспарында көзделмеген іс-шараларға қатысуға құқылы.

5. Білім алушылардың міндеттері

5.1 Білім алушылар міндетті:

1) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білімді, білікті, практикалық дағдылар мен құзыреттерді меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, Академия жарғысында және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға міндетті;

2) Өз денсаулығына қамқорлық жасауға, рухани және физикалық тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуға тиіс;

3) Академия білімалушысы атын лайықты және абыроймен ұстану;

4) Академия меншігіне, кітапхана қорына ұқыпты қарауға, келтірілген залалды белгіленген тәртіппен өтеуге міндетті;

5) қажет болған жағдайда оқу бағдарламасын орындамаған жағдайда түсініктеме құжаттарын ұсына отырып, оқу бөліміне жазбаша түсініктемелер беруге міндетті;

6) оқу орны әкімшілігінің барлық бұйрықтары мен өкімдерін орындауға міндетті;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.24-2025
		30.06.2025 ж.
	Қағида нормативтік құжат түрі	Бет 8-18

- 7) сыпайы болу, академия оқытушыларының, қызметкерлерінің және басқа да білім алушылардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу;
- 8) Академияның лауазымды тұлғаларының талаптарын орындауға міндетті;
- 9) оқу орнында да, одан тыс жерлерде де мораль нормаларын сақтауға міндетті;
- 10) оқу орнының абыройын сақтауға және корпоративтік этика нормаларын сақтауға;
- 11) сабақтарға уақытылы қатысуға және оқу орнына іскерлік, ұқыпты, классикалық киім түрінде болуға;
- 12) алкогольді және құрамында спирті бар сусындарды, есірткі және уытты заттарды қолданбауға;
- 13) оқу орнында өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға және өрт, дүлей немесе өзге де зілзала болған жағдайда одан эвакуациялаудың қажетті тәртібін білуге;
- 14) оқытушылар мен топ эдвайзерлерінің нұсқауларын орындауға;
- 15) Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы мен мүшелерінің және топ старостасының талаптарын (өз құзыреті шегінде) орындау;
- 16) Академия әкімшілігіне жеке деректерінің өзгергені туралы, Т. А. Ә., мекенжайы және т.б. хабарлау;
- 17) әскерге шақыру жасына жеткеннен кейін әскери есепке тұруға міндетті;
- 18) әкімшіліктің өкімі бойынша академияда өткізілетін санитариялық сенбіліктерге және кезекшіліктерге қатысуға;
- 19) зияткерлік және мәдени дамуын қалыптастыру мақсатында қалалық, аудандық іс-шараларға, концерттерге, жарыстарға баруға.

5.2 Қатаң тыйым салынады:

- 1) әртүрлі діни конфессиялардың (паранджа) киімдері мен атрибуттарын киюге қатаң тыйым салынады;
- 2) діни, экстремистік және ұлтшылдық сипаттағы идеяларды ауызша, жазбаша немесе электрондық құралдарды тарта отырып насихаттауға;
- 3) ұлтаралық алауыздық пен қақтығыстарды, діни экстремизм мен сепаратизмді өршіту, ҚР Заңы бойынша қудаланатын ақпаратты тарату және орналастыру;
- 4) Құдайға құлшылық етуді, діни жораларды, рәсімдерді және (немесе) жиналыстарды өткізуге (жасауға), сондай-ақ миссионерлік қызметті жүзеге асыруға білім беру ұйымдарының аумағында және ғимараттарында жол берілмейді.
- 5) күнделікті киім және спорттық түрдегі киімдерді киюге;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.24-2025
		30.06.2025 ж.
	Қағида нормативтік құжат түрі	Бет 9-18

- 6) бөлмеде, аудиторияда және сабақтарда сыртқы киім мен бас киімде болуға;
- 7) академия жатақханасына рұқсаттаманы, студенттік билетті басқа адамдардың қолдануына беруге;
- 8) сабақ кезінде, аудиторияларда емтихандар мен сынақтар өткізу барысында, сондай-ақ ресми іс-шаралар (конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, кездесулер және т. б.) кезінде ұялы байланысты пайдалануға; мұндай жағдайларда телефонмен сөйлесуге, хабарлама жіберуге, интернетте ақпарат іздеуге тырысу, т.б. мінез-құлықтың этикалық нормалары өрескел бұзылған болып бағаланады;
- 9) өзгелерге, өз өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін кез келген іс-әрекетті орындауға, академияның мүлкі мен екінші тұлғаның меншігін иемденуге (ұрлауға);
- 10) академия аумағында студенттермен, қызметкерлермен және басқа да тұлғалармен қарым-қатынаста дөрекі сөздер қолдануға және жоғары реңкте әңгімелесуге, балағат сөздерді қолдануға, қарым-қатынастарды нақтылау үшін дене күшін қолдануға;
- 11) оқу үрдісіне кедергі келтіретін әрекеттерді орындауға;
- 12) академия аумағында және ғимараттарда темекі шегуге;
- 13) академия ғимараттары мен аумағына алкоголь және құрамында спирті бар қоспаларды, есірткі және улы заттарды, сондай-ақ кальянды қоса алғанда, кез келген темекі қоспаларын әкелуге, таратуға, сақтауға;
- 14) мүлік пен жабдықты бүлдіруге, академияның материалдық базасына залал келтіруге;
- 15) әкімшіліктің рұқсатынсыз академияға тиесілі бағдарламалық және техникалық құралдардың конфигурациясын өзгертуге;
- 16) академия ғимараттарынан мүлікті, жабдықты және басқа да материалдық құндылықтарды арнайы рәсімделген рұқсаттамасыз шығаруға;
- 17) студенттік билетке, емтихан ведомостарына, академиялық анықтамаларға, оқырман билетіне, рұқсаттамаға, медициналық анықтамаларға, т.б. кез келген түрдегі жазбаларды, өшірулерді, түзетулерді, өзгерістерді, т.б. енгізуге;
- 18) академия әкімшілігінің рұқсатынсыз демалыс және мереке күндері (21.00-ден кейін) академия ғимараттарында болуға (факультет деканның қызметтік хаты негізінде рұқсат етіледі);
- 19) қару алып жүруге және сақтауға арнайы рұқсат болса да, академия аумағына суық және атыс қаруын, оның ішінде өзін-өзі қорғау санатына жатқызылған қаруды алып өтуге, сақтауға және пайдалануға;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.24-2025 30.06.2025 ж.
		Бет 10-18

20) саяси ұйымдарға (бірлестіктерге), қозғалыстарға кіруге үгіттеуге, сондай-ақ осы ұйымдардың атынан университет аумағында және ғимараттарында әрекет етуге;

21) академияға және жатақханаға, сондай-ақ аумаққа және оқу аудиторияларына жануарлар мен құстарды әкелуге;

22) академия аумағында және ғимараттарда құмар ойындар ойнауға;

23) сыбайлас жемқорлықпен ұштасатын немесе оның туындауы үшін жағдай жасайтын іс-әрекеттер жасауға; егер бұл іс-әрекеттер Академияның іскерлік беделіне, ар-намысы мен беделіне нұқсан келтірсе, қылмыстық кодексте немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексте көзделген, заңды күшіне енген сот шешімімен белгіленген іс-әрекеттер жасауға құқылы. Жоғарыда көрсетілген тыйымдарды өрескел бұзған білім алушылардың мәселелері факультеттің Ғылыми кеңесінде қарастырылады.

6. Білім алушыларды көтермелеу және жазалау

6.1. Білім беру бағдарламаларын игерудегі ерекше жетістіктері, оқу орнының өміріне, қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық іс-шараларға белсенді қатысқаны үшін оқушылар үшін мынадай көтермелеу түрлері белгіленеді:

1) ауызша алғыс – топ алдында жеке оқиға үшін декан, топ эдвайзерінің жариялауы;

2) алғыс – уәкілетті тұлғаның ұсынуы бойынша жеке оқиға үшін жарияланады;

3) Марапаттау – уәкілетті тұлғаның ұсынуы негізінде. Білім алушыларға үздік үлгерімі, ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуы және студенттік өмірге белсене араласқаны үшін марапаттаудың келесі түрлері тағайындалады:

- алғыс жариялау;
- Ректордың атынан алғыс хатпен марапаттау;
- Құрмет грамотасымен марапаттау;
- ата-анасына алғыс хат беру;
- атаулы шәкіртақы және марапаттаудың басқа да түрлері.

6.2. Жарғыны, Академияның ішкі тәртіп ережелерін, оқу тәртібін бұзғаны, академиялық берешекті уақтылы (бұйрыққа сәйкес) жоймағаны үшін білім алушыларға тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін:

1) **ескертпе жасау** – (оқытушы, Академия әкімшілігі жасайды) - сабаққа себепсіз кешігу, қатты сөйлесу, сабақ кезінде дәлізде шулау, сабаққа дайын болмау, жіберілген сабақтармен жұмыс істемеуіне байланысты;

2) **ескерту** – себепсіз сабақты босатқаны үшін, Академиядағы жаман мінез-құлық және тәртіпті бұзғаны үшін;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.24-2025 30.06.2025 ж.
		Қағида нормативтік құжат түрі

3) *сөгіс* – оқу сабақтарында, практикада семестр бойы 20-29 сағат болмағаны үшін, Академияда тәртіпті бұзғаны және бағынбағаны үшін (Факультет ғылыми кеңесінің хаттамасы және қызметтік хаты, ректордың бұйрығымен рәсімделеді);

4) *қатаң сөгіс* – оқу сабақтарында бір семестрде 30-44 сағат бойы болмағаны үшін, аралық бақылау қорытындысы бойынша 3 және одан да көп пәндер бойынша үлгермеушілігі үшін, Академияда тәртіпті тұрақты бұзғаны үшін (Факультет ғылыми кеңесінің хаттамасы және қызметтік хаты, ректордың бұйрығымен рәсімделеді);

Бұйрықты білім алушыға қол қойғызып жеткізеді және білім алушының жеке іс парағында сақталады, сондай-ақ білім алушылардың назарына жеткізу үшін хабарландыру тақтасына ілінуі мүмкін. Қол қоюдан бас тартқан жағдайда акт жасалады. Білім алушыға тәртіптік жаза (сөгіс, қатаң сөгіс) тағайындалғаннан кейін білім алушы оқудан шығарылатындар қатарында болады.

5) *академиядан шығару* - оқу жылында дәлелсіз себептермен 45 академиялық сағаттан артық оқу сабақтарын жүйелі түрде өткізіп жібергені үшін; академияда және оқу сабақтарына алкогольдік және есірткілік масаң күйде келгені үшін (құқық қорғау немесе медициналық органдарынан осыны растайтын ақпарат алған жағдайда); оқу жылы ішінде тәртіптік жазалар үшін екі реттен артық бірнеше рет болған (сөгіс, қатаң сөгіс); оқытушылардың, деканат, ректорат қызметкерлерінің және әкімшіліктің басқа да өкілдерінің қолдарын, ресми құжаттарды, оның ішінде емтихан ведомостарын, студенттік билетті, рұқсаттаманы, медициналық анықтамаларды қолдан жасағаны үшін; қылмыстық іс жасағаны үшін сот үкімімен кінәлі деп танылған жағдайда; ұлтаралық араздық пен дұшпандықты қоздырғаны, адамның қадір-қасиетін қорлағаны үшін; оқытушыларға, қызметкерлерге және білім алушыларға қатысты қорлау әрекеттері, оның ішінде төбелескені немесе денсаулығына қауіп төндіргені үшін; академия аумағында немесе ғимараттарында суық немесе атыс қаруын сақтағаны, алып жүргені, қолданғаны немесе көрсеткені үшін (тіпті сақтауға және алып жүруге арнайы рұқсат болса да), академия оқытушысына немесе қызметкеріне пара бергені немесе беруге ұсыныс жасағаны үшін). Білім алушыларға тәртіптік жаза 1 оқу жылына, теріс қылық анықталған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей және ол жасалған күннен бастап 6 айдан кешіктірілмей, білім алушының ауырған уақытын немесе (және) оның демалыста болған уақытын есептемегенде қолданылады.

6.3 Тәртіптік жаза ректордың бұйрығымен жарияланады, білім алушының назарына қол қойғызып жеткізіледі және бір оқу жылы ішінде қолданылады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.24-2025 30.06.2025 ж.
		Бет 12-18

Жазаның қолданылуы туралы мәліметтер білім алушының жеке ісіне енгізіледі.

Тәртіптік жазасы бар білім алушыларға түсірілімге, конкурстарға, түрлі фестивальдерге және т. б. сабақтардан босату сияқты көтермелеу шаралары қолданылмайды.

6.4. Оқытушылар, топ эдвайзерлері, сондай-ақ әкімшілік, оқу тәртібін бұзғаны үшін ауызша ескерту жасауға немесе ата-аналарды шақыртуға құқылы.

6.5. Оқу тәртібін өрескел және (немесе) бірнеше рет бұзғаны үшін, сондай-ақ Академиядағы тәртіпті, Жарғыны, Академияның ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін тәртіптік жазалар факультеттің Ғылыми кеңесінің хаттамасы және қызметтік жазба негізінде ректордың бұйрығымен қолданылады.

6.6. Білім алушыларды оқудан шығару тәртібін Академия өз бетінше айқындайды. Бұл ретте білім алушы оқудан шығарылуы мүмкін:

- 1) *өз қалауы бойынша* (отбасылық себеп, тұрмыс кұру, басқа білім беру ұйымына ауысуына, басқа қалаға көшу және денсаулығына байланысты және т.б.) оқудан шығуға құқылы;
- 2) *академиялық үлгермегені үшін* (сессия қорытындысы бойынша 16 кредиттен аса академиялық қарызы бар, жойылмаған академиялық қарыз, кәсіби тәжірибе бағдарламасын орындамау, мемлекеттік емтиханды тапсырмау және дипломдық жұмысты, магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғамау, оларды қорғауға жібермеу, курстан курсқа қалдырылған жағдайда, бітіруші курстарда академиялық қарызын жоя алмауына байланысты оқудан шығарылады).
- 3) *ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын орындамағаны үшін* (Академия оқу ақысын төлеу туралы ескерту жасауға міндеттелмейді және білім алушы 1 ай ішінде қаржылық берешегі толық өтелген жағдайда факультет деканының қызметтік хаты негізінде қайтадан оқуға қабылданады);
- 4) *Академияда 3 аптадан артық болмағаны үшін* (егер білім алушы топ басшысына, эдвайзерге немесе факультет деканына хабарламаса және оның ата-анасымен байланысу мүмкіндігі болмаса - Академиямен байланысын жоғалтса).

7. Оқу тәртібін бұзу және тәртіпті бұзу

7.1. Оқу тәртібін бұзу және тәртіпті бұзу болып табылады:

- 1) сабаққа кешігу;
- 2) бір-біріне және оқытушыларға қатысты корпоративтік әдеп нормаларын бұзу;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.24-2025
		30.06.2025 ж.
	Қағида нормативтік құжат түрі	Бет 13-18

- 3) сабақтарда ұялы телефондар мен байланыс құралдарын пайдалану;
- 4) дәлелді себепсіз сабаққа қатыспау;
- 5) Академия қабырғасында және оның аумағында темекі шегуге;
- 6) академияда алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде болуы;
- 7) Академия меншігін және білім алушылардың, оқытушылардың, қызметкерлердің жеке меншігін бүлдіру немесе жоғалту;
- 9) білім алушыларға, оқытушыларға, қызметкерлерге физикалық және адамгершілік зорлық-зомбылық көрсету;
- 10) ұятсыздық, азғындық және қорлау қимылдары;
- 11) оқу және оқудан тыс жұмыстың нормалары мен қағидаларына төзбеушілік;
- 12) үй-жайларда және іргелес аумақтарда тазалық пен санитариялық нормаларды сақтамау;
- 13) Академияның үй-жайларын және (немесе) аумағын бүлдіру;
- 14) Академия қабырғасы және оның аумағында құмар ойындар ойнау;
- 15) Академия ғимаратында сыртқы, спорттық киімде болуы;
- 16) Академия ғимаратына қысқа белдемше (юбка), қысқа көйлек, қысқа шалбар, шолақ шалбар (шорты), ашық киімдер (майка, топик) киімдерімен кіргізілмейді;
- 17) Академия әкімшілігінің рұқсатынсыз Академия ішінде, академия аумағында және Академияға іргелес аумақта бейнетүсірілім жүргізу және Академия туралы осы ақпарат пен теріс ақпаратты интернет-ресурстарда және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру.


8. Оқу тәртібі

8.1. Оқу сабақтары жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес ректор бекіткен кесте бойынша жүргізіледі.

8.2. Сабақтың ұзақтығы – 50 минут.

8.3. Сабақтар басталғаннан кейін барлық оқу және оларға іргелес үй-жайларда оқу сабақтарының қалыпты жүруі үшін қажетті тыныштық пен тәртіп қамтамасыз етілуге тиіс. Оқу сабақтарын үзуге, оқытушылар мен оқушыларды аудиториялардан және (немесе) спорт алаңдарынан, кітапханадан, акт залынан шақыруға жол берілмейді.

8.4. Білім алушылар сабаққа сабақ басталғанға дейін 10 минуттан кешіктірмей келуге міндетті (кешіккен жағдайда пән оқытушысы сабаққа кіргізбеуге құқылы).

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.24-2025 30.06.2025 ж.
		<u>Қағида</u> нормативтік құжат түрі

8.5. Аудиторияларда, оқу шеберханаларында және кабинеттерде практикалық сабақтар өткізу үшін оқытушылар (зертханашылар) қажетті оқу құралдары мен аппаратураны дайындайды.

8.6. Әр топта топ кураторының ұсынысы бойынша топ ұжымының жалпы пікірін ескере отырып, оқу жылына ең құрметті, үлгерімі жақсы және тәртіпті білім алушылар қатарынан топ старостасы тағайындалады.

8.7. Топ старостасының келесідей міндеттері бар:

1) оқу және оқудан тыс жұмыс мәселелері бойынша топ кураторымен және оқу бөлімімен үнемі байланыста болу;

2) топта тәртіпті сақтауда оқытушыларға көмек көрсету;

3) білім алушылардың сабаққа және сыныптан тыс іс-шараларға қатысуын бақылау;

4) үзілістерді қоса алғанда, оқу аудиторияларында оқу жабдықтары мен мүліктердің сақталуын қамтамасыз етуде оқытушыларға көмек көрсету;

5) топқа қатысты оқу процесіндегі барлық өзгерістер туралы білім алушыларды хабардар ету;

6) кезек тәртібімен кезекшілерді тағайындау және олардың өз міндеттерін орындауын бақылау;

7) топқа қатысты барлық түсініксіз және даулы мәселелер бойынша Академия әкімшілігіне баяндау;

8) оқытушыға оқу аудиториясындағы барлық ақаулар туралы баяндау;

9) қажет болған жағдайда топтық жиналыстар өткізу.

9. Сабаққа қатысу туралы

9.1. Білім алушы барлық сабақтарға қатысуға міндетті.

9.2. Сабақтарда болмаудың дәлелді себептері мыналар болып саналады:

1) **сырқаттану;**

Білім алушы денсаулығына байланысты сабақтан қалған жағдайда 3 күн ішінде топ старостасын және деканатты хабар етуге міндетті. Ауырғандығын растайтын анықтаманы (Денсаулық министрлігінің бекіткен қосымшасына сәйкес және QR код болуы міндетті) жабылған күні 1 данасын деканатқа және 1 данасын (оригинал) Офис тіркеуші бөліміне (5 кабинет) тапсыруға міндетті.

2) **олимпиадаларға, конкурстарға, фестивальдарға, қоғамдық іс-шараларға қатысу;**

Білім алушылардың халықаралық, республикалық немесе облыстық олимпиадаларға, байқауларға, конкурстарға, жарыстарға және басқа да іс-шараларға қатысуына байланысты, сондай-ақ сериалдарды, шоуларды, телебағдарламаларды және басқа да жобаларды түсіруге қатысқан жағдайда:

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.24-2025
		30.06.2025 ж.
	Қағида нормативтік құжат түрі	Бет 15-18

- білім алушы факультет деканының қолдаухаты, осы іс-шараны өткізу жоспары негізінде және шақыру болған жағдайда ректордың бұйрығымен сабақтан босатылады.

- қоғамдық іс-шараларға, конкурсқа командалық қатысу үшін білім алушылар тобының сабақтарда болмауы ректордың бұйрығы болған жағдайда ғана рұқсат етіледі;

3) 3-5 курс студенттері сериалдар, шоулар, телебағдарламалар және басқа да жобаларға қатысуға факультет деканының қызметтік хаты негізінде ректор бұйрығымен босатылады. Студентке жеке оқу кестесі бойынша оқу мүмкіншілігі келесі шарттарды орындаған жағдайда беріледі:

1. Өтініш;
2. Алдыңғы емтихан сессиясын уақытылы тапсыру;
3. Егер Академияның Жарғысы, ішкі тәртіп ережелері бұзылмаса және оқытушының тәртіптік жазасы болмаса;
4. Ұйымдар мен кәсіпорындардан шақырту хат;

Белгіленген мерзімде өтініш және қажетті құжаттар тапсырылмаған жағдайда студентке жеке кесте бойынша оқуға рұқсат берілмейді.

4) еңсерілмейтін күш әсерінің нәтижесі ретінде Төтенше жағдайлар (өрт, су тасқыны, жер сілкінісі және басқа да дүлей апаттар);

5) отбасы-тұрмыстық сипаттағы мән-жайлар, ата-ана, туған бауырлары қайтыс болуына байланысты (қайтыс болғандығын растайтын анықтама), отбасы мүшелерінің із-түссіз жоғалып кетуіне байланысты (жоғалғандығы туралы анықтама).

- білім алушының және (немесе) ата-анасының (заңды өкілдерінің) өтінішінің негізінде отбасы-тұрмыстық сипаттағы себептер бойынша білім алушылардың сабақтарда болмауы Академия ректорының рұқсатымен мүмкін болады.

9.3. Аталған жағдайларға байланысты білім алушыларға 3-7 күн аралығында өтініш негізінде сабақтан босатылады.

9.4. Дәлелді себептермен сабақтан қалған және босатылған білім алушылар анықтама жабылғаннан кейін немесе бұйрық уақыты аяқталғаннан соң академиялық күнтізбеге сәйкес барлық пәндерді 7 күн ішінде қайта тапсыру міндетті.

9.5. Академия әкімшілігінің рұқсатымен ректордың бұйрығы негізінде білім алушының сабақтарда болмауы дәлелді себеп болып саналады.

9.6. Білім алушылардың және (немесе) ата-аналардың (заңды өкілдерінің) сабақтан бір және одан да көп күнге босату туралы өтініштері білім алушының жеке ісінде оқу жылы аяқталғанға дейін сақталады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.24-2025 30.06.2025 ж.
	Қағида нормативтік құжат түрі	Бет 16-18

9.7. Дәлелсіз себептермен сабақтан қалған білім алушыға қайта тапсыруға мүмкіншілік берілмейді.

10. Қолдану мерзімі

10.1. Ереже Ғылыми кеңес бекіткен сәттен бастап күшіне енеді және оларды ректордың басқа ішкі актімен алмастыру туралы тиісті бұйрығымен жойылғанға дейін қолданылады.



11. Қорытынды ережелер


11.1. Академияның барлық студенттері ішкі тәртіп ережелерімен танысуы керек. Білім алушылар оқу процесінде Қағидаларда белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті.

11.2. Осы Ережені Академияның барлық білім алушылары міндетті түрде орындауға тиіс.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-3.24-2025
		30.06.2025 ж.
	<u>Қағида</u> нормативтік құжат түрі	Бет 17-18

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Әзірленді:		ТАӘ	
Әлеуметтік-тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі бөлімі басшысының м.а.			Сейтханова А.С.
Келісілді:		ТАӘ	
Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор			Толыбаев Е.А.
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор			Ергөбек Ш.Қ.
Заң бөлімінің басшысы			Тлегенова О.К.
Стратегиялық даму, тәуекелдерді талдау және бағалау бөлімінің басшысы			Молдабаева А.Е.



30.06.2025 ж.

Қағида
нормативтік құжат түрі

Бет 18-18

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]